

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы республикалық мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын ұлттық компаниялар мен ұйымдарды қоспағанда, мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының бақылау пакеттері (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) қаржы-шаруашылық қызметтерінің жоспарларын әзірлеу және беру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2005 жылғы 27 желтоқсандағы N 441 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 23 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 4031. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 52 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 140 Бірлескен бұйрығы.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Экономикалық даму және сауда министрінің 2012.02.28 № 52 және ҚР Қаржы министрінің 2012.03.07 № 140 (мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Бірлескен бұйрығымен.

Мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы республикалық мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын ұлттық компаниялар мен ұйымдарды қоспағанда, мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының бақылау пакеттері (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) қаржы-шаруашылық қызметтерінің жоспарларын әзірлеу және беру ережесі б е к і т і л с і н .

2. Республикалық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакеттерін (қатысу үлестерін) иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын, сондай-ақ республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың мемлекеттік басқару органдары болып табылатын мемлекеттік органдар заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы республикалық мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын ұлттық компаниялар мен

ұйымдарды қоспағанда, мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының бақылау пакеттері (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) қаржы-шаруашылық қызметтерінің 2006-2008 жылдарға арналған жоспарларын 2006 жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей осы бұйрықтың талаптарына сәйкестендіруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (М.С.Раханов) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. "Ұлттық компанияларға және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ведомстволық бағыныстыларына жатқызылғандарды қоспағанда, акцияларының бақылау пакеттері (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) қаржы-шаруашылық қызметтерінің жоспарларын және мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылық қызметтерінің жоспарларын әзірлеу және беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2003 жылғы 23 қазандағы N 376 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген N 2552) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен батап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 7 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
N 441 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы республикалық мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын ұлттық компаниялар мен ұйымдарды қоспағанда, мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының бақылау пакеттері (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) қаржы-шаруашылық қызметтерінің жоспарларын әзірлеу және беру ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы республикалық мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын ұлттық компаниялар мен ұйымдарды қоспағанда, мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының бақылау пакеттері (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) қаржы-шаруашылық қызметтерінің жоспарларын әзірлеу және беру Ережесі тиісті жоспарлы кезеңге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы республикалық мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын ұлттық компаниялар мен ұйымдарды қоспағанда, мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының бақылау пакеттері (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) (бұдан әрі - Ұйымдар) қаржы-шаруашылық қызметтерінің жоспарларын әзірлеу мен беру тәртібін айқындайды.

2. Ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметтерінің жоспары (бұдан әрі - ҚШҚ жоспары) Ереженің 1-36 қосымшаларына сәйкес жасалған бөлімдер мен нысандарды қамтиды.

3. Ереженің 1-36 қосымшаларында мынадай негізгі түсініктер пайдаланылады :

1) елеулі ықпал - ұйымның қаржылық және шаруашылық қызметіне қатысты шешімдер қабылдауға қатысу мүмкіндігі;

2) қосалқы өндіріс - негізгі өндіріске қызмет көрсетуге арналған өндіріс (жөндеу жұмыстары, жүктерді тасымалдау, су беру, құрылыс учаскесі, электр станциясы, қазандық және тағы басқалар), оның өнімін ұйымның өзі қолданады немесе басқа тұтынушыларға шығарылуы мүмкін;

3) бақылау - ұйымның қаржылық және шаруашылық қызметін басқару мүмкіндігі;

4) еңбек нормасы - еңбек шығынының өлшемі, анықталған ұйымдастыру-техникалық жағдайларда тиісті кәсібі, мамандығы, біліктілігі бар бір жұмысшы жекелеген жұмыстарды, операцияларды немесе функцияларды орындауы бойынша белгіленген тапсырма;

5) сатушы рыногы - өнімге деген сұраныс оның ұсынысынан асатын рынок;

сатушы рыногына тән сипаттар:

тапшылықтың болуы;

өнім сапасының жеткіліксіздігі;

жоғары бағалар;

6) сатып алушы рыногы - өнімге деген сұраныс оның ұсынысынан төмен рынок;

сатып алушы рыногына тән сипаттар:

тапшылықтың болмауы;
өнім сапасының жақсару үрдісі;
бағаның тұрақтылық немесе төмендеу үрдісі;

7) өнім - материалдық-заттай нысанды (материалдық өнім), рухани, ақпараттық нысанда (интеллектуалдық өнім) немесе орындалған жұмыстар мен қызметтер түрінде берілген ұйымның шаруашылық қызметінің нәтижесі;

8) өнімдер - белгілі бір уақыт аралығында ұйым өндірген барлық өнімнің с а н ы ;

9) штаттық кесте, штат - ұйымның тиісті органымен бекітілген лауазымы мен жалақысы көрсетілген қызметкерлердің сандық құрамының тізбесі.

2-тарау. ҚШҚ жоспарын әзірлеу және бекіту тәртібі

4. ҚШҚ жоспарының жобасын жасау мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) Тиісті ҚШҚ жоспары жасалып отырған кезеңге ҚШҚ жоспарының жобасын әзірлеуді атқарушы орган (басқарма (дирекция) немесе Ұйымның басшысы (директоры, басқарушысы) жүзеге асырады.

Атқарушы орган ҚШҚ жоспары жасалып отырған кезеңнің алдындағы жылдың 1 қарашасына дейін ҚШҚ жоспарының жобасын акционерлік қоғамның директорлар кеңесінің (жауапкершілігі шектеулі серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысының, мемлекеттік кәсіпорынды мемлекеттік басқару органының) қ а р а у ы н а е н г і з е д і .

Ескертулер болған кезде атқарушы орган 15 жұмыс күні ішінде ҚШҚ жоспарының жобасын пысықтайды және акционерлік қоғамның директорлар кеңесінің (жауапкершілігі шектеулі серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысының, мемлекеттік кәсіпорынды мемлекеттік басқару органының) қ а р а у ы н а қ а й т а е н г і з е д і .

2) ҚШҚ жоспарының жобасы акционерлік қоғамның директорлар кеңесімен (жауапкершілігі шектеулі серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысымен, мемлекеттік кәсіпорынды мемлекеттік басқару органымен) ҚШҚ жоспары жасалып отырған кезеңнің алдындағы жылдың 25 желтоқсанына дейін бекітіледі.

3) Акционерлік қоғамның директорлар кеңесінің төрағасы (жауапкершілігі шектеулі серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы, мемлекеттік кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы) ҚШҚ жоспары бекітілген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде оның қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін мемлекеттік меншікке билік етуге уәкілетті органға (бұдан әрі - уәкілетті орган) ұсынуды қамтамасыз етеді.

3-тарау. ҚШҚ жоспарын түзеу

5. ҚШҚ-ның Жоспарын түзетуге жарты жылда бір рет қана, сондай-ақ шұғыл мемлекеттік тапсырмаларды, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің жеке тапсырмаларын, халықаралық келісімдердің нормаларын орындауға байланысты жағдайларда жол беріледі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009.10.23 N 460 бұйрығымен.

6. ҚШҚ жоспарын түзету қажет болған жағдайда атқарушы орган жарты жылдық аяқталатын күнге дейінгі 60 күнтізбелік күннен кешіктірмей өзгертілген ҚШҚ жоспарының жобасын тиісті негіздемелерімен акционерлік қоғамның директорлар кеңесінің (жауапкершілігі шектеулі серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысының, мемлекеттік кәсіпорынды мемлекеттік басқару органының) қ а р а у ы н а е н г і з е д і .

Ескертулер болған кезде атқарушы орган 5 жұмыс күні ішінде түзетілген ҚШҚ жоспарының жобасын пысықтайды және акционерлік қоғамның директорлар кеңесінің (жауапкершілігі шектеулі серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысының, мемлекеттік кәсіпорынды мемлекеттік басқару органының) қ а р а у ы н а қ а й т а е н г і з е д і .

Акционерлік қоғамның директорлар кеңесінің төрағасы (жауапкершілігі шектеулі серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы, мемлекеттік кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы) ҚШҚ жоспарына түзету енгізу туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде оның қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін уәкілетті органға ұсынуды қамтамасыз етеді.

7. Атқарушы орган кіші топтың жоспарлы көрсеткіштерінің бекітілген сомасы шегінде ҚШҚ жоспарын дербес түзетуге құқылы. Мұнда кіші топтың жекелеген сыныптары мен баптарын кіші топтың сыныптары мен баптары бойынша бекітілген жоспарлы сомасының кемінде 20 пайызы шегінде түзетуге р ұ қ с а т б е р і л е д і .

Атқарушы орган кіші топтың жекелеген сыныптары мен баптарын түзету туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей:

акционерлік қоғамның директорлар кеңесінің төрағасына (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің мемлекеттік қатысу үлесіне иелік ету және пайдалану құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік органға, мемлекеттік кәсіпорынды мемлекеттік басқару органына) шешімнің қағаздағы нұсқасының көшірмесін; уәкілетті органға шешімнің қағаз түріндегі көшірмесін және түзетілген ҚШҚ

жоспарының қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін ҚШҚ жоспарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ашатын түсіндірме жазбахатымен жібереді.

4-тарау. ҚШҚ жоспарының орындалуын бақылау

8. ҚШҚ жоспарының орындалуын бақылауды акционерлік қоғамның директорлар кеңесі (жауапкершілігі шектеулі серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы, мемлекеттік кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы) жүзеге асырады.

5-тарау. Қорытынды ережелер

9. ҚШҚ жоспарының жобасын әзірлеу барысында әдіснамалық басшылықты уәкілетті орган жүзеге асырады.

10. Директорлар кеңесінің (қатысушылардың жалпы жиналысы, мемлекеттік басқару органы) ҚШҚ жоспарының жобасын сапалы қарау мақсатында және Ұйымдар қызметінің ерекшелігіне байланысты атқарушы органнан қосымша ақпарат сұрауға құқылы.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы республикалық мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын ұлттық компаниялар мен ұйымдарды қоспағанда, мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының бақылау пакеттері (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) қаржы-шаруашылық қызметтерінің жоспарларын әзірлеу және беру ережесіне
1-қосымша

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы республикалық мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын ұлттық компаниялар мен ұйымдарды қоспағанда, мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының

бақылау пакеттері (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) қаржы-шаруашылық қызметтерінің жоспарлары бөлімдерінің құрылымы

1. Жалпы мәліметтер

1. Жұмыс істеушілердің штат кестесі бойынша саны және нақты саны көрсетілген ұйымдастыру құрылымының (бірлескен қызметі бар филиалдар, өкілдіктер, еншілес және тәуелді ұйымдарды қосқанда) негіздемесі және схемасы ; штат кестесін кім және қашан бекітті.

2. Жұмыс істеушілердің штат кестесі бойынша саны және нақты саны көрсетілген орталық аппараттың негіздемесі және схемасы.

3. Филиалдар (өкілдіктер) желілерін кеңейту жөніндегі жоспарлар, негіздеме.

2. Сала мен өткізу рыноктарын талдау

4. Сала сипаттамасы: дамыған, тұрақты, тұралаған.

5. С а т ы л а т ы н ө н і м д е р :

1) сатылатын өнімдердің сипаттамасы: сатылатын өнімдердің тізбесі; сатылған жалпы көлемде әр өнімнің үлесі;

2) сапасы: сапа стандарттарына сәйкес келуі (сертификаттардың болуы), бәсекелестер алдында артықшылығы (кемшіліктері); сапасы бойынша қажетті сертификаттарды алу жөнінде өткізілетін жұмыс; осы іс-шараларға жоспарланатын шығыстар;

3) өнімдердің сапасы мен жиынтық түріне тұтынушылар талаптарын өзгерту жөніндегі беталыстар; өнімдердің жиынтық түрін өзгерту жөніндегі іс-шаралар.

6. Қазақстан аймақтары (облыстары) және одан тыс жерлердегі нарық сипаттамасы (1)-4) тармақтар бойынша) әр өнім жөнінде ақпаратты ашу қажет:

1) сатушы немесе сатып алушының нарығы, негіздеме келтіру;

2) нарық сыйымдылығы;

3) ұйымның нарықтағы үлесі;

4) сыйымдылықты өзгерткен жағдайда нарық өсімінің (қысқарту) әлеуеті және ұйым өнімінің үлесі;

5) қандай өнімдер нарықта неғұрлым қолайлы перспективаларға ие болады (сату көлемі, баға деңгейі);

б) өнім тұтынушыларын не тартады (бағасы, сапасы, әрлеу, қосымша қызметтер).

3. Маркетинг пен жарнама жоспары

7. Бәсекелестер:

- 1) бәсекелестер сипаттамасы, нарықтағы бәсекелестер үлесі;
- 2) бәсекелестерге арналған мүмкіндіктерді патенттік құқықтарын бұзбай тиісті өнім өндіру мүмкіндігі.

8. Тұтынушылар:

- 1) негізгі тұтынушылар сипаттамасы, тұтынушының шектеулі тобы кемінде 10) болған жағдайда, сату көлемінде олардың үлесі туралы ақпаратты ұсыну. Егер тұтынушылар мемлекеттік мекемелер және (немесе) мемлекеттік кәсіпорындар болып табылса, сатуда олардың үлесін көрсете отырып, осы ұйымдардың толық тізбесін келтіру қажет;
- 2) сұраным сипаттамасы (толық немесе маусымдық);
- 3) кім ықтимал сатушы бола алады;
- 4) жаңа сатып алушыларды тарту жөнінде жүргізілетін жұмыс (жарнама, баға саясаты, сатудан кейін қызмет көрсету).

9. Бағалау (тариф) саясаты:

- 1) негізгі өнімдерге арналған баға (тариф);
- 2) көзқарастан бағалар (тарифтер) негіздемесі:
заңнама: бағаларды (тарифтерді) уәкілетті мемлекеттік органдармен бекіту (белгілеу) немесе келісу бойынша заңнама міндеттері;
кірістілігі: шығыстарды өтелімділігі, орта немесе ең жоғары табыстылығын алу;

нарықтағы конъюнктура: жаңа өнімнің жылжуы; қолданыстағы сату көлемдерін сақтау; дәстүрлі нарықтардан бәсекелестерді ығыстыру; жұмыспен қамтылмау сараланымын толтыру; ескірген өнімді сату;

өнімнің құндылығы: жаңалығы, сапасы, сатудан кейінгі кепілдіктер;
сату көлемінен: бөлшек, шағын көтерме жеткізілімдер, ірі көтерме жеткізілімдер;

тұтынушылардан: жеке немесе заңды тұлғалар, дәстүрлі немесе жаңа;

3) бағаны (тарифті) өзгерту жөніндегі нарықтық беталыстар; орта нарықтық бағалар (тарифтер) тербелістеріне бағалардың (тарифтердің) сезгізшітігі, шетелдік валюталардың нарықтық бағамының өзгеруі;

4) бәсекелестермен баға (тариф) саясатын салыстыру жөніндегі артықшылықтар мен кемшіліктер (сауда және көтерме жеңілдіктері, тұтынушылар бойынша саралау).

10. Нарықтағы жарнама және өнімді жылжыту:

- 1) сауда жәрмеңкелері мен көрмелеріне қатысу;
- 2) жарнаманы орналастыру (сыртқы жарнама, теледидар, радио, бұқаралық

- ақпарат құралдары басылымдары, жарнамалық буклеттер);
- 3) арнайы жарнамалық акциялар;
 - 4) маркетинг пен жарнамаға арналған шығыстар негіздемесі.

4. Өндіру және сату жоспары

11. Лицензиялар мен патенттер:

- 1) қызметтің белгіленген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензиялардың болуы, лицензияның берілген күні және нөмірі, кім берді;
- 2) кешенді кәсіпкерлік лицензияның болуы, кешенді кәсіпкерлік лицензия шартын жасау мәні және күні, қолданылу мерзімі, кешенді лицензиар;
- 3) лицензияларды, оның ішінде қоршаған ортаны қорғау саласында алу қажеттігі, лицензияларды алуға арналған шығыстар;
- 4) патенттердің және алдын ала патенттердің болуы, қашан және кім берді, қолдану мерзімі.

12. Өнімді өндіру жоспары:

- 1) нарықтағы жағдайды ескере отырып (өнімдер бөлінісінде), тұтынушылармен жасалған шарттар, алдын ала келісімдермен, оның ішінде филиалдар бөлінісінде өндірістік бағдарлама негіздемесі;
- 2) өндірістік кооперация: негізгі серіктестердің тізбесі; жеке күшпен орындалатын жұмыстар көлемі мен тізбесі; қосалқы мердігерлердің күштерімен орындалатын (жиынтықтылайтын) жұмыстар көлемі мен тізбесі;
- 3) ұйым бойынша толығымен және филиалдар бөлінісінде өндіріс жоспарын орындауға бекітілген нормаларға негіздей отырып шығындар негіздемесі.

13. Қосалқы өндіріс бойынша жоспар:

- 1) қосалқы өндіріс түрлері;
- 2) қосалқы өндіріс бойынша, оның ішінде филиалдар бөлінісінде жоспар негіздемесі;
- 3) ұйым бойынша толығымен және филиалдар бөлінісінде қосалқы өндіріс бойынша жоспарды орындауға бекітілген нормаларға негіздей отырып шығындар негіздемесі.

14. Үстеме шығыстар мен олардың негіздемесі.

15. Өнімдерді сату жоспары:

- 1) нарықтағы жағдайды ескере отырып, тұтынушылармен, оның ішінде филиалдар бөлінісінде жасалған келісім-шарттар, алдын ала келісімдер бойынша сату (өнімдер бөлінісінде) бағдарламасының негіздемесі;
- 2) өткізу әдістері: жеке меншік желі (дүкендер, сауда өкілдіктері, филиалдар, пошта бойынша тапсырыстар) делдалдар. Жеке меншік желі мен делдалдар арқылы өткізу көлемдері (өткізу көлеміндегі әр үлесті көрсетіп, тізбесін

к е л т і р і ң і з) ;

3) қолданылатын жеңілдіктер жүйесі (алдын ала төлем, белгіленген өнім санын сатып алу) ;

4) өткізуге байланысты проблемалар: тұтынушының алшақтығы; бәсекелестердің басқыншылық саясаты; заңнамада немесе тұтынушы белгілеген арнайы рәсімдердің болуы; құзыретті органдардан рұқсаттар алу;

5) егер өткізу сауда агенттері арқылы жүзеге асырылса, онда мыналарды ашу қажет: агенттерге қойылатын талаптар, олармен қаржылық өзара қатынастардың талаптары ;

6) сатудан кейінгі кепілдіктер: сатудан кейінгі кепілдіктер тізбесі; кепілдіктер мерзімі; кепілдік қызмет көрсетуді жүзеге асыру (өз күштерімен немесе тартылатын ұйымдармен); өнімнің кепілдіктерін орындау шарты (тұтынушыларға ақшаны қайтарып беру немесе алмастыру); сатқаннан кейінгі кепілдемелерге арналған шығыстар;

7) сату жоспарын орындауға арналған шығыстар негіздемесі.

5. Әлеуметтік бағдарлама

16. Ұйым қызметкерлері үшін тұрғын үйлерді сатып алу (үй салу, құрылыс салуға үлестік қатысу) және (немесе) жалға беру жөніндегі жоспарлар:

1) негіздемесі: ұжымдық шарт талаптары, жеке еңбек шартының талаптары, қызметкерлерді тұрғын үймен қамту жөніндегі міндеттемелер туындайтын өзге шарттар, мысалы, ұйымның тиісті органы (мемлекеттік басқару органы бекіткен бағдарлама ;

2) қызметкерлерге тұрғын үй беру шарттары: жалға беру ақысы, сатып алу мүмкіндігі мен шарты.

17. Медициналық қызмет көрсету және медициналық сақтандыру ("Қоршаған ортаны қорғау, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі" 7-бөлімінде қаралатын мәселелерді қоспағанда) :

1) негіздеме: ұжымдық шарттың ережелері, жеке еңбек шартының талаптары, қызметкерлерге медициналық қызмет көрсету және медициналық сақтандыру жөніндегі міндеттемелерден туындайтын басқа ережелер, мысалы ұйымның тиісті органы (мемлекеттік басқару органы) бекіткен бағдарлама;

2) жоспарланатын шығыстар және олардың негіздемесі.

18. Қызметкерлерді оқыту, сондай-ақ жазғы демалыс лагерьлеріне жолдамалары үшін өтемақыларды қосқанда, мектепке дейінгі балалар мекемелерінде балаларды ұстау бойынша өтемақылар:

1) негіздеме: ұжымдық шарттың ережелері, жеке еңбек шартының талаптары, міндеттемелерден туындайтын өзге ережелер, мысалы, ұйымның

тиісті органы (мемлекеттік басқару органы) бекіткен бағдарлама;

2) жоспарланатын шығыстар мен олардың негіздемесі.

19. Мерекелік, жаппай мәдени және спорт іс-шаралары: осы бөлімнің 18-тармағы 1) және 2) тармақшаларда келтірілген ашуға ұқсас ақпаратты ашу.

20. Материалдық көмек: жоспарланатын шығыстар мен олардың негіздемесі.

21. Қайырымдылық және демеушілік көмек: жоспарланатын шығыстар және олардың негіздемесі.

6. Қоршаған ортаны қорғау, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы

22. Қоршаған ортаны қорғау:

1) ұйым қызметінің қоршаған ортаны қорғау саласындағы стандарттарға сәйкестігі;

2) ластануға арналған лимиттер;

3) табиғи ресурстарды алуға арналған лимиттер;

4) қалдықтардың төлқұжатының болуы;

5) қоршаған ортаны қорғау саласындағы өндірістік бақылау туралы ереженің болуы: кім және қашан бекітті (келісті);

6) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар;

7) тарату қорын қалыптастыруды қоса алғанда, қоршаған ортаны қорғауға байланысты шығыстар негіздемесі.

23. Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі:

1) қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметінің болуы;

2) еңбек қауіпсіздігі бойынша бекітілген іс-шаралардың болуы: қашан және кім бекітті;

3) жұмыс орындарының мемлекеттік стандарттар және қауіпсіздік пен еңбекті қорғау жөніндегі ережелер талаптарына сәйкестігі;

4) зиянды және ауыр еңбек жағдайлары бар жұмыстармен айналысатын қызметкерлерге медициналық тексерулер және зерттеулер жүргізу;

5) қызметкерлерді міндетті алдын ала, мерзімді (еңбек қызметі ішінде) медициналық тексерулер және ауысым алдындағы медициналық куәландырудан өткізу;

6) қызметкерлерді арнайы киіммен және аяқ киіммен, зиянды әсерлерден және (немесе) қауіпті өндіріс факторларынан жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету;

7) еңбек қорғау және қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган белгілеген нормаларға сәйкес қызметкерлерді профилактикалық өңдеу құрал-жабдықтарымен, жуу және зарарсыздандыру құралдарымен, медициналық

дәрі-дәрмектермен, сүтпен, емдеу-профилактикалық тамақтанумен қамтамасыз е т у ;

8) еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігіне байланысты шығыстар негіздемесі.

7. Еншілес және тәуелді ұйымдар

24. Е н ш і л е с ұ й ы м д а р :

1) еншілес ұйымдарды құру, акцияларды сатып алу жөніндегі жоспарлар (қатысу үлесі), оның ішінде қосымша шығару, жарғылық капиталды ұлғайту (РМК үшін): негіздеме, күтілетін нәтижелер, қызмет түрлері;

2) акцияларды сату (қатысу үлесі), қайта ұйымдастыру (тарату) жөніндегі жоспарлар: негіздеме, күтілетін нәтижелер, оның ішінде штатты қысқарту;

3) дивидендтік саясат және оның негіздемесі;

4) еншілес ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметінің жоспарлы көрсеткіштері туралы ақпарат.

25. Т ә у е л д і ұ й ы м д а р :

1) тәуелді ұйымдарды құру, акцияларды сатып алу жөніндегі жоспарлар (қатысу үлесі), оның ішінде қосымша шығару: негіздеме, күтілетін нәтижелер, қ ы з м е т т ү р л е р і ;

2) акцияларды сату (қатысу үлесі), қайта ұйымдастыру (тарату) жөніндегі жоспарлар: негіздеме, күтілетін нәтижелер, оның ішінде штатты қысқарту;

3) дивидендтік саясат және оның негіздемесі;

4) тәуелді ұйымдардың қаржылық-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы ақпарат.

8. Инвестициялық (инновациялық) жоспар

26. И н в е с т и ц и я л ы қ ж о с п а р :

1) бақылау немесе маңызды әсер етуді жүзеге асыру мақсатында акцияларды (қатысу үлесін), сатып алу еншілес республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың жарғылық капиталын қалыптастыру:

сатып алынатын акциялардың (қатысу үлестерінің) жоспарланатын саны;

акциялардың (қатысу үлесінің) болжамдалатын бағасы;

акцияларды (қатысу үлестерін) төлеуге ақшаларды немесе басқа мүліктерді жоспарлы түрде шығару, еншілес республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың жарғылық капиталдарын қалыптастыру;

2) материалдық емес активтерді сатып алу, оның ішінде өнімдерді өндіру және сату, әкімшілік мақсаттар, маркетингтер және жарнамалар, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру үшін:

сатып алу негіздемесі және күтілетін нәтижелер: өндіріс көлемін арттыру, шығыстарды азайту; сапасын көтеру; кірістерді көбейту (шығыстарды азайту), өтелімділік мерзімі;

сатып алуға жоспарланатын материалдық емес активтердің атауы; материалдық емес активтерді сатып алғаны үшін төлеуге ақшаның немесе өзге мүліктің жоспарлы істен шығуы;

3) негізгі құралдарды сатып алу (салу), оның ішінде өнімді өндіру және іске асыру, әкімшілік мақсаттар, маркетинг және жарнама, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру үшін:

сатып алу (салу) негіздемесі және күтілетін нәтижелер: моральдік жағынан ескірген және табиғи тозған негізгі құралдарды алмастыру; өндіріс көлемін ұлғайту; шығыстарды азайту; сапасын арттыру; кірістерді ұлғайту (шығыстарды азайту), өтелімділік мерзімі;

сатып алуға (салуға) жоспарланған негізгі құралдардың атауы, оның ішінде тұрғын үйді сатып алу (салу, құрылысында үлестік қатысу) көлемдері туралы ақпаратты ашу, (жалпы ауданы, пәтерлер саны, шаршы метрдің жоспарланған бағасы);

негізгі құралдарды, оның ішінде тұрғын үйді сатып алғаны (салғаны) үшін төлеуге ақшаның немесе басқа мүліктің жоспарлы істен шығуы;

4) инвестициялық жоспарды қаржыландыру көздері: меншікті, оның ішінде жоспарланатын акциялар шығарылымы (шығару көлемі, орналастырудың жоспарланған бағасы);

қарызға алынған, оның ішінде: қарыздар (қарыз мөлшері, тарту мерзімі, сыйақы пайызы, сыйақы төлемінің шарты және борыштың негізгі сомасын өтеу), облигациялар (шығару көлемі, шығарудағы облигациялар саны, оларды шығару, орналастыру, айналысқа түсіру рәсімі және тәртібі, сыйақы жөніндегі төлемдер, өтеу мерзімі және облигацияларды сатып алу туралы инвесторлар шешіміне әсер ете алатын басқа елеулі ақпарат).

27. Инновациялық жоспар:

1) инновациялық қызметтің мазмұны және негіздемесі;

2) күтілетін нәтижелер;

3) инновациялық жоспарды қаржыландыру көздері: меншікті, оның ішінде жоспарланатын акциялар шығарылымы (шығару көлемі, орналастырудың жоспарланған бағасы);

қарызға алынған, оның ішінде: қарыздар (қарыз мөлшері, тарту мерзімі, сыйақы пайызы, сыйақы төлемінің шарты және борыштың негізгі сомасын өтеу), облигациялар (шығару көлемі, шығарудағы облигациялар саны, оларды шығару,

орналастыру, айналысқа түсіру рәсімі және тәртібі, сыйақы жөніндегі төлемдер, өтеу мерзімі және облигацияларды сатып алу туралы инвесторлар шешіміне әсер ете алатын басқа елеулі ақпарат).

9. Тоқтатылатын қызмет

28. Тоқтатылатын қызметтің сипаттамасы.

29. Тоқтатылатын қызметтің негіздемесі.

30. Қызметті тоқтату күтілетін күні немесе кезеңі.

31. Істен шығару қызметті тоқтату шеңберінде жоспарланатын жиынтық активтер мен жиынтық міндеттемелердің қаржы-шаруашылық қызметтің жоспарын жасау күніне теңгерімдік құны.

32. Болжанатын штат қысқартылуы.

33. Бағалау міндеттемелері.

34. Күтілетін нәтижелер, оның ішінде кірістерді (шығыстарды) ұлғайту (қысқарту), таза табысқа тоқтатылған қызметтің әсері.

35. "Тоқтатылатын қызмет" бухгалтерлік есепке алудың Халықаралық стандартына сәйкес, егер филиалдарды (өкілдіктерді) тоқтату "тоқтатылатын қызмет" анықтамасына сәйкес келмесе, онда филиалды (өкілдікті) тарату туралы ақпаратты ашу осы бөлімнің 28-34-тармақтарына сәйкес жүргізіледі.

10. Ресурстар

35. Шикізат пен материалдар, жылу және электр энергиялары, еңбек, ақша шығыстарының нормалары: қашан және кім бекітті.

36. Әкімшілік шығыстар бойынша лимиттер: лимит мөлшері, қашан және кім бекітті.

37. Қызметкер:

1) қызметкерге қойылатын талаптар: білімі, біліктілігі, мамандығы немесе аралас салаларда жұмыс өтілі, жасы;

2) уақыт шығындары нормаларына негіздей отырып, штат кестесі бойынша саны және оның негіздемесі;

3) нақты орта тізімдік саны, оның штат кестесіне сәйкес келмеуі негіздемесі және ұйымдастыру қызметіне әсері;

4) штат санын көбейту (қысқарту) жөніндегі жоспарлар;

5) штаттан тыс қызметкерді тарту жөніндегі жоспарлар: саны, тарту мақсаты, сыйақы жөніндегі шығыстар;

6) қызметкердің кәсіби деңгейін (қайта даярлау) көтеру жөніндегі жоспарланатын іс-шаралар және қызметкердің кәсіби деңгейін көтеруге (қайта даярлауға) байланысты шығыстар.

3 8 . Н е г і з г і қ ұ р а л д а р :

1) негізгі құралдардың құрылымы (ғимараттар, құрылыстар, машиналар, құрал-жабдық, көлік, басқа негізгі құралдар), оның ішінде меншікте, қаржылық жалда (лизингіде) операциялық жалға алуда тұрған негізгі құралдар туралы ақпаратты ашу; негізгі құралдардағы қосымша қажеттілік;

2) негізгі құралдар санының, өнімділігі және техникалық жай-күйінің ұйымның қажеттілігіне сәйкестігі;

3) жөндеуді жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар, оның ішінде меншікті күштермен және тартылатын ұйымдар күштерімен орындалатын көлемдері туралы ақпаратты ашу;

4) жөндеуге жоспарланатын шығындар, оның ішінде тартылған ұйымдар қызметтерін төлеуге жоспарланған шығындар; бастапқы есептелінген нормативтік көрсеткіштерді өсіруге байланысты шығындарды жеке ашу.

3 9 . Қ о р л а р :

1) сатуға арналған шикізаттар мен материалдар, тауарлардың негізгі түрлері;

2) жоспарланған кезеңнің басында сатуға арналған шикізат пен материалдар, тауарлардың негізгі түрлерінің (табиғи өлшем бірліктерінде) бар болуы, оның ішінде азайтылмайтын қалдықтардың (нормативтік қорлар) көлемін ашу;

3) қорлардың негізгі түрлерінде (табиғи өлшем бірліктерінде) қажеттілік негіздемесі;

4) қорлардың негізгі түрлеріне арналған бағалар;

5) қорларды сатып алуға жоспарланатын шығыстар.

40. Жылу және электр энергиясы, сумен жабдықтау және кәріз:

1) жылу және электр энергиясындағы, сумен жабдықтау және кәріздегі қажеттілік негіздемесі;

2) жылу және электр энергиясына, сумен жабдықтау және кәрізге арналған бағалар;

3) жылу және электр энергиясы, сумен жабдықтау және кәрізді сатып алуға жоспарланатын шығыстар.

4 1 . Ж е т к і з у ш і л е р :

1) қорлардың, жылу және электр энергиясының, жұмыстар, қызметтердің негізгі түрлерін жеткізушілер; жеткізу шарттары;

2) жабдықтаудың балама көздері.

4 2 . А қ ш а л а р :

1) салымдар: қаржылық ұйымның атауы, валюта, сомасы, орналастыру мерзімі, сыйақы пайызы;

2) борышкерлердің сипаттамасы; берешекті талап ету бойынша өткізілетін іс-шаралар;

3) кредит берушілер сипаттамасы; берешекті өтеу бойынша жүргізілетін

і с - ш а р а л а р ;

4) ақшалай емес операциялар: мәмілелер көлемдері және қарсы агенттер, оның ішінде факторингтік операциялар, вексельдерді шығару (шығару көлемі, өтеу мерзімі және басқа елеулі шарттар), өзара талаптар мен міндеттемелер есебі;

5) ақшаларды тарту жөніндегі іс-шаралар (акцияларды шығару - шығару және орналастыру көлемдері, орналастырудың жоспарланатын бағасы; облигацияларды шығару - шығару көлемі, шығарудағы облигациялар саны, оларды шығару, орналастыру, өтініш беру реттемесі және тәртібі, сыйақы төлемдері, өтеу және елеулі басқа ақпарат; қарыздарды - қарыз берушілерді тарту , қарыз мөлшері, тарту мерзімі, сыйақы пайызы, сыйақы төлеу шарты, борыштың негізгі сомасын өтеу шарты);

б) уақытша бос ақшаларды пайдалану жөніндегі жоспарлар: салымға орналастыру, қаржы активтерін сатып алу, кредиттер беру (уақытша қаржылық көмек көрсету), сомалар, табыстылығы, орналастыру мерзімдері.

11. Қаржылық жоспар

4 3 . К і р і с т е р :

1) өнімдерді сатудан жоспарланатын кірістер негіздемесі, оның ішінде олардың өсу немесе азаю негіздемесі (ақпаратты ашу әр өнім бойынша жүзеге асырылады);

2) қаржыландыру бойынша жоспарланатын кірістер негіздемесі;

3) дивидендтер бойынша кірістер негіздемесі (ақпарат әр ұйымға жеке беріледі, үлескерлік құнды қағаздар ұйым меншігінде жатады);

4) активтерді, оның ішінде негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді істен шығарудан жоспарланатын кірістер негіздемесі;

5) мемлекеттік бюджеттен жоспарланатын субсидиялар;

6) операциялық жалға алудан жоспарланатын кірістер негіздемесі;

7) үлестік қатысу әдісімен ескерілетін инвестициялар бойынша жоспарланатын кірістер негіздемесі;

8) қызметті тоқтатуға байланысты жоспарланатын кірістер негіздемесі;

9) өзге де жоспарланатын кірістер негіздемесі.

4 4 . Ш ы ғ ы с т а р :

1) сатылатын өнімнің өзіндік құнының негіздемесі, оның ішінде оның өсу немесе азаю негіздемесі (ақпаратты ашу әр өнім бойынша жүзеге асырылады);

2) сатылған өнім бойынша жоспарланған шығыстар негіздемесі, оның ішінде олардың өсу немесе азаю негіздемесі (ақпаратты ашу әр кіші топ бойынша жүзеге асырылады);

3) жоспарланатын әкімшілік шығыстар негіздемесі, оның ішінде олардың өсу және азаю негіздемесі (ақпаратты ашу әр кіші топ бойынша жүзеге асырылады);

4) маркетинг пен жарнама бойынша жоспарланатын шығыстар негіздемесі, оның ішінде олардың өсу немесе азаю негіздемесі (ақпаратты ашу әр шағын топ бойынша жүзеге асырылады);

5) сыйақылар бойынша жоспарланатын шығыстар негіздемесі, оның ішінде олардың өсу немесе азаю негіздемесі (ақпаратты ашу әр кіші топ бойынша жүзеге асырылады);

6) активтерді істен шығаруға байланысты шығыстар негіздемесі;

7) операциялық жалдауға байланысты шығыстар негіздемесі;

8) үлестік қатысу әдісімен ескерілетін инвестициялар жөніндегі шығыстар негіздемесі;

9) қызметтің тоқтатылуына байланысты жоспарланатын шығыстар негіздемесі;

10) басқа жоспарланатын шығыстар негіздемесі.

45. Салық және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер: салық және бюджетке төленетін міндетті төлемдердің әр түрі бойынша жоспарланатын төлемдер негіздемесі.

46. Дивидендтер: акцияға дивидендтерді жоспарлы есептеу (қатысу үлесі), дивидендтерді есептеудің жалпы сомасы, оның ішінде акциялардың мемлекеттік пакетіне (қатысу үлесі). Бюджетке аудару үшін мемлекеттік кәсіпорын жоспарлайтын таза кіріс сомасы.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
мен Қазақстан Республикасы
Президентінің Іс басқармасы
республикалық мемлекеттік меншік
құқығы субъектісінің функцияларын
жүзеге асыратын ұлттық компаниялар мен
ұйымдарды қоспағанда, мемлекеттік
кәсіпорындардың, акцияларының бақылау
пакеттері (қатысу үлестері) мемлекетке
тиесілі акционерлік қоғамдардың
(жауапкершілігі шектеулі
серіктестіктердің) қаржы-шаруашылық
қызметтерінің жоспарларын әзірлеу және
беру ережесіне

2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008.03.31 N 148 Бұйрығымен.

Директорлар кеңесінің _____ жылғы " ____ " _____
N _____ шешімімен (қатысушылар жалпы жиналысының
шешімімен, мемлекеттік басқару органының бұйрығымен)
б е к і т і л д і

_____ (а т ы - ж ө н і)
Директорлар кеңесінің төрағасы
(мемлекеттік басқару органының басшысы)
М.О.

Жалпы мәліметтер

1-нысан

Ұйымның атауы: _____

N	Көрсеткіштердің атауы	Ақпарат
1	Заңды тұлғаның толық атауы	
2	Толық пошталық (заңдық) мекен-жайы	
3	Байланыс телефондары	
4	Электрондық мекен-жайы (e-mail), сайты	
5	СТН	
6	Басқару органының атауы (мемлекеттік орган)	
7	ID-код (эмбебеп сәйкестендіру коды)	
8	Құрылуының қысқаша тарихы:	
8.1	Құру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының күні мен нөмірі	
8.2	Құрылу мақсаты	
8.3	Құрылтайшы құжаттарына сәйкес қызмет түрлері	
9	Табиғи монополия субъектісі болып табыла ма, табиғи монополия саласы, ұйымды табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізу	

	туралы шешім қашан қабылданды			
10	Табиғатты пайдаланушы болып табыла ма: арнайы табиғатты пайдалану құқығын кім және қашан берді, табиғатты пайдаланудың сипатын ашу (тұрақты немесе уақытша, иеліктен шығарылатын немесе иеліктен шығарылмайтын, қайтарымды немесе өтеусіз негізде сатып алынған, алғашқы немесе екінші)			
11	Жер қойнауын пайдаланушы болып табыла ма: жер қойнауын пайдалану құқығы кім және қашан берді, жер қойнауы бойынша операцияларды ашу			
12	Жарғылық капиталы:			
12.1	Құрылтайшы құжаттарына сәйкес жарғылық капиталдың мөлшері, мың теңге			
12.2	Жарғылық капиталды ұлғайту туралы шешімді қашан және кім қабылдады (Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы, мемлекеттік басқару органының бұйрығы, акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысының шешімі)			
13	Акциялардың саны, барлығы	Жарияланған	Орналас-тырылған	Сатып алынған
	оның ішінде:			
13.1	Жай акциялар			
13.2	Артықшылықты акциялар			
14	Бір акцияның нақтылы құны, теңге			
		Саны %		

15	Республикалық меншіктегі акциялар, барлығы				
	оның ішінде:				
15.1	Жай акциялар				
15.2	Артықшылықты акциялар				
16	ЖШС жарғылық капиталындағы мемлекеттік үлес, %				
17	Тіркеуші туралы мәліметтер (тіркеушінің атауы, мекен-жайы, лицензиясының нөмірі, байланыс телефоны)				
18	Тіркеу	Күні		Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН)	
18.1	Заңды тұлғаны тіркеу				
18.2	Заңды тұлғаны қайта тіркеу				
19	Акцияларды шығаруды мемлекеттік тіркеу	Саны	Күні	Нөмірі	
N	Директорлар кеңесі (қадағалаушы мүшелерінің аты-жөні)	Акционерлердің (қатысушылардың) сайлау туралы шешімінің күні мен нөмірі	Жұмыс орны мен атқаратын лауазымы	Мекен-жайы, телефоны, факс	Электрондық мекен-жайы
20					
N	Көрсеткіштердің атауы	Ақпарат			
	Атқарушы орган (алқалы)	Директорлар кеңесінің сайлау	Байланыс телефон-	Жетекшілік	

N	мүшелерінің аты-жөні	туралы шешімінің күні мен нөмірі	дары, электрондық мекен-жайы	жасайтын мәселелері
21				
	Бас бухгалтердің аты-жөні			
N	Атқарушы орган басшысының аты-жөні (жеке-дара)	Сайлау (тағайындау) туралы шешімнің күні мен нөмірі	Байланыс телефондары, электрондық мекен-жайы	Жетекшілік жасайтын мәселелері
22				
	Орынбасардың аты-жөні			
	Бас бухгалтердің аты-жөні			

Бірлескен қызмет

N		Бірлесіп бақылау жөніндегі серіктестердің мекен-жайы	Шарттың жасалған күні	Шарттың елеулі ережелері	Бірлескен қызметтегі қатысу үлесі
	Бірлесіп бақылау жасайтын активтердің атауы				
	Бірлесіп бақылау жасайтын операц. иялардың атауы				
	Бірлесіп бақылау жасайтын ұйымдардың атауы				

Б а с ш ы

Қ о л ы

Қаржы-экономикалық қызметтің басшысы Қолы

Қолтаңбалар мөрмен бекітіледі жауапты орындаушының аты-жөні мен телефон нөмірі

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
мен Қазақстан Республикасы
Президентінің Іс басқармасы
